

Электр энергетикасындағы мемлекеттік реттеуші комиссия туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 25 шілдедегі N 929 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 наурыздағы N 258 қаулысымен.

Электр және жылу энергияларына (қуатына) баға белгіленуіне мемлекеттік бақылау мен реттеуді қамтамасыз ету, энергия өндірушілердің бәсекелестігіне жағдайлар туғызу мақсатында және "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 23 желтоқсандағы N 2724 Заң күші бар Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы Етеді:

1. Қазақстан Республикасының электр энергетикасындағы мемлекеттік реттеуші комиссияның құрамы қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Электр энергетикасындағы мемлекеттік реттеуші комиссия туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті электр энергетикасындағы мемлекеттік реттеуші комиссияның жұмыс органы болып белгіленсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1996 жылғы "25" шілдедегі

N 929 қаулысына

қосымша

Электр энергетикасындағы мемлекеттік реттеуші комиссияның ҚҰРАМЫ

Радостовец Н.В. - Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі комитетінің төрағасы,

Комиссия төрағасы

Оразбаев Б.Е. - Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрінің орынбасары (вице-министрі), Комиссия төрағасының орынбасары

- Уәйісов М.К. - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің орынбасары (вице-министр)
- Попандопуло Е.Н. - Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі комитетінің табиғи монополияларды реттеу басқармасының бастығы
- Руденко Ю.С. - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі материалдық өндіріс басқармасының бастығы
- Әбіқанов Ө.Ә. - Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Стратегиялық жоспарлау департаментінің инфрақұрылымды дамыту басқармасы бастығының орынбасары
- Әлияров К.К. - Энергетика ҚазҒЗИ директоры
- Мұхамедиев Қ.Ш. - Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің жалпыұлттық дамудың мемлекеттік саясаты басқармасы бастығының орынбасары
- Наурызбаев А.К. - "KEGOC" ашық үлгідегі акционерлік қоғамының вице-президенті
- Трофимов Г.Г. - Энергетикадағы дүниежүзілік экономикалық қызмет республикалық орталығының бас инженері
- Утепов Э.К. - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті директорының орынбасары
- Сәдуақасов Э.М. - Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі экономикалық саясат басқармасының бастығы;
- Тиесов С.А. - Қазақстан Республикасының Энергетика индустрия және сауда министрлігі Электр энергетикасы департаментінің директоры.
- Жұмабеков Е.М. - Қазақстан Республикасының Энергетика және табиғи ресурстар министрлігі

Республикалық энергетикалық қадағалау
басқармасының бастығы

*ЕСКЕРТУ. Қосымша өзгертілді - ҚРҰ-нің 1997.06.17. N 981 қаулысымен.
ЕСКЕРТУ. Қосымша өзгертілді - ҚРҰ-нің 1998.04.15. N 338 қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1996 жылғы "25" шілдедегі

N 929 қаулысымен

бекітілген

Электр энергетикасындағы мемлекеттік реттеуші комиссия туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы Ережелер

1. Электр энергетикасындағы мемлекеттік реттеуші комиссия (бұдан әрі - Комиссия) консультативтік-кеңесші орган ретінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанынан мына мәселелер бойынша ұсыныстар жасау мақсатында құрылады:

негізделген бағаларды қалыптастыру, энергия өндіруші, энергиямен жабдықтаушы мекемелер мен электр энергиясын тұтынушылар экономикалық мүдделерінің келісу тетігін жасау;

электр энергетикалық кешеннің жұмыс істеу тиімділігін арттыру және тарифтерді әлеуметтік-қолайлы деңгейде қолдау үшін бәсекелес ортаны қамтамасыз ету;

энергия тұтынушылардың мүддесін электр және жылу энергиялары бағаларының (тарифтердің) монополиялық өсуінен қорғау;

2. Комиссия өз құрамына Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілдерін және Қазақстан Республикасының мүдделі орталық атқарушы органдарын енгізеді.

Комиссияның жеке құрамын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

3. Комиссия өз жұмысында Қазақстан Республикасының Заңдық және нормативтік актілерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

4. Комиссияның құзырына:

электр энергетикасында баға белгілеу саласындағы нормативтік актілер, ережелер мен ресімдер жобаларын жасау;

баға деңгейі бойынша:

электр энергиясының сатып алу бағаларын (тарифтерін);

электр энергиясының Ұлттық энергетикалық жүйесі "Қазақстанэнерго" босататын көтерме бағаларын (тарифтерін);

электр энергиясының импорт және экспорт бойынша сатып алынатын немесе

босатылатын бағаларын (тарифтерін);

электр энергиясының тұтынушыларға берілетін электр және жылу энергияларының бағаларын (тарифтерін) өзгерту мәселелерін қарау енеді.

II. Комиссияның міндеттері мен атқаратын қызметтері

5. Электр және жылу энергияларын өндірумен, жаңғыртумен, берумен, бөлумен, өткізумен, сатумен, қайта сатумен және өткізу кезінде делдалдық етумен байланысты әрбір лицензия ұстаушы жүзеге асыратын, талап ететін немесе алатын бағалар (тарифтер) мен төлемдерді реттеу жөніндегі ұсыныстарды даярлау Комиссияның негізгі міндеті болып табылады.

6. Негізгі міндеттерге сүйене отырып, Комиссия:

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының нәтижелері, энергия кәсіпорындарының өндірістік-шаруашылық қызметі негізінде электр энергетикасында бағаның қалыптасуына талдау жасайды және істің жай-күйі туралы Қазақстан Республикасы Үкіметіне хабарлайды;

электр энергетикасының баға белгілеу саласындағы нормативтік актілер, ережелер мен рәсімдер жобалары бойынша ұсыныстар жасайды;

баға деңгейінің өзгеруі жөніндегі ұсыныстарды;

электр энергиясының сатып алу бағасын (тарифтерін);

электр энергиясының Ұлттық энергетикалық жүйесі "Қазақстанэнерго" босататын көтерме бағасын (тарифін);

электр энергиясының импорт және экспорт бойынша сатып алынатын немесе босатылатын бағаларын (тарифтерін) ;

электр энергиясының тұтынушыларға берілетін электр және жылу энергияларының бағаларын (тарифтерін) қарайды;

тұжырымдамаға енгізу үшін Комиссия құзыретіне кіретін мәселелер жөніндегі ұсыныстарды және Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының бағдарламасын дайындайды;

шетел және қазақ фирмаларымен, консультанттармен комиссия құзыретіне жататын мәселелер бойынша мемлекеттік басқару органдары, энергия кәсіпорындары жасайтын контрактілерді келісуге қатысады;

электр және жылу энергиялары (қуаты) тарифтерінің өзгеруі туралы ұсыныстарды қарайды ;

кем дегенде жылына бір рет электр және жылу энергияларының тарифтерін белгілеу әдістемесін қарайды.

III. Комиссияның қызметін ұйымдастыру

7. Электр энергетикасының мемлекеттік реттеу комиссиясын Төраға басқарады. Комиссияның құрамына сондай-ақ Төраға орынбасары мен хатшысы кіреді .

8. Комиссия төрағасы Комиссияның жұмысын ұйымдастырады және осы

Ережеде Комиссияға жүктелген міндеттер мен қызметтердің дер кезінде және сапалы орындалуына жауап береді.

9. Комиссия төрағасы болмай қалған жағдайда Комиссия төрағасының орынбасары оның міндеттерін атқарады.

10. Төраға комиссия мәжілістерінің күнделікті тәртібі мен жұмыс кестесін бекітеді және ол комиссияның әрбір мүшесіне күні бұрын хабарландырады.

11. Комиссия шешімдері Комиссия мүшелерінің жәй көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Төрағаның даусы шешуші болып е с е п т е л е д і .

12. Комиссияның шешімдері оның мәжілістерінің хаттамаларымен ресімделеді. Хаттамаға Төраға мен хатшы қол қояды.

13. Қаралатын істер бойынша түпкілікті шешім қабылданғанға дейін Комиссия материалдары жариялауға жатпайды.

14. Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті Комиссияның әрбір мәжілісіне материалдар дайындайды және Комиссия төрағасымен келісілгеннен кейін ғана олар Комиссияның әрбір мүшесіне жеткізіледі.

15. Комиссия қызметін ұйымдық және әдістемелік жағынан қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті:

орталық және жергілікті атқарушы органдардан өзіне жүктелген міндеттерді орындауға қажетті ақпараттарды белгіленген тәртіп бойынша сұрауға және алуға ;

сараптама жасап, консультациялар жасап беруге тиісті сала мамандарын тартуға, қажетіне қарай жұмыс топтарын құруға құқықты.